

**Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жас сарбаз кластарымен  
сабақ жүргізуде оқытушыға арналған**

**НҰСҚА УЛЫҚ**

Мамандандырылған жас сарбаз кластарымен (МКК) сабақ жүргізу үшін келесі ережелерді міндettі түрде орындау және білу керек:

**1. НҰСҚА**

1.Оқытушы сыныптың есігін ашып (сыныпқа барлығын өткізгеннен кейін) соңында өзі кіреді. Оқытушы сыныпқа кіргеннен кейін: «**Жас сарбаз мырзалар!**» немесе «**Взвод, тұр! ТҮЗЕЛ!**» («**Взвод, түзел!**») -деп пәрмен береді. Оқытушы тақтаға шығып, жас сарбаз класының командирінен (кезеңінен) үлгі бойынша баянат алады: «Оқытушы мырза! Кадеттердің оку взводы сабақ жүргізу үшін тұрғызылды. Взвод командирі (кезекші) Омаров Т. Командир оқытушының қасында тақтаның алдында тұрады.

2.Оқытушы сынып жаққа бұрылып: «Сәлеметсіндер ме жас сарбаз мырзалар!»- деп сәлемдеседі. Жас сарбаздар: «Сәлеметсіз бе, оқытушы мырза!» -деп жауап қайтарады.

3.Оқытушы: «Еркін тұр, отыр!»- деп жас сарбаздарды отырғызады. Взвод командирі (кезекші): «Еркін тұр, отыр!» - деп оқытушының пәрменін қайталайды. жас сарбаздар орындарына отырады, взвод командирі өз орнына барады. Оқытушы сабакты бастайды.

**2. НҰСҚА**

Егер жас сарбаздар сабаққа келіп, кабинет жабық болған жағдайда. Конырау соғыла салысымен взвод командирі кадеттерді кабинетке қарсы еki қатарлы сапқа тұрғызады.

**САБАҚ УАҚЫТЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТАР**

Жас сарбаз өзінің тегін ести сала: «**МЕН!**»- деп орнынан тұрады. Өз орнында, тақтаның немесе отырып жауап береді.

*Мысалы, «Жас сарбаз Омаров!». Жас сарбаз өзінің тегін ести сала: «**МЕН!**». Орнынан тұрады. Оқытушы: «Тақтаға шығыңыз!»*

Жас сарбаз : «**Құп болады!**» - деп жауап береді. Тапсырманы орындалп, сұрақтарға жауап бергеннен кейін, оқытушы: «**Отырыңыз!**». Жас сарбаз : «**Құп болады!**» - деп жауап беріп, өз орнына отырады.

Оқытушы кадетке қарап: «**Сіз жауап беріңіз!**». Жас сарбаз орнынан тұрып: «**Жас сарбаз Омаров!**» - деп жауап береді.

Егерде, оқытушы басымен изеп немесе қолымен ымдал отыруға рұқсат берген жағдайда, кадет үн-түнсіз өз орнына отырады. Бұл жағдайда «**Құп болады!**» -деп айтылмайды.

## САБАҚТЫҢ АЯҚТАЛУЫ

### A НҰСҚА

Сабақ аяқталғаннан кейін, оқытушы үйге тапсырма беріп: «Взвод командирі (кезекші), пәрмен беріңіз!» -деп айтады. Взвод командирі тақтаға шығып, класс жаққа бұрылып: «Взвод, тұр! ТҮЗЕЛ!» -деп айтады.

Оқытушы: «Жас сарбаз мырзалар, сау болындар!» -деп айтады. Жас сарбаздар : «Оқытушы мырза,сау болыңыз!» - деп айтады.

Оқытушы: «Еркін тұр!» - деп айтады. Взвод командирі: «Еркін тұр!» Барлығы киімдерін алып, кластан шығады.

### B НҰСҚА

Сабақ аяқталғаннан кейін, оқытушы үйге тапсырма беріп: «Жас сарбаз мырзалар!» - деп айтады.

Барлығы тұрып, сапқа тұрады. Оқытушы: «Сабақ аяқталды. Еркін тұр!.Барлығы киімдерін алып, кластан шығады.

## СПОРТ ЗАЛЫНДА

Сабақтың аяқталуына 5 минут қалғанда оқытушы: «Взвод командирі, взводты бір қатарлы сапқа тұрғызыңыз» - деп айтады. Взвод командирі: «Взвод, бір қатарлы сапқа **САПҚА ТҰР! ТҮЗЕЛ! ТІК ТҰР! ТҮЗЕЛУ – ОРТАҒА!**» - деп пәрмен береді. Взвод командирі оқытушыға келіп: «Оқытушы мырза, взвод Сіздің бұйрығыңыз бойынша тұрғызылды! Взвод командирі – Омаров!» - деп айтады.

### Класқа директор (директордың орынбасары) кірген жағдайда

«Жас сарбаз мырзалар!» -деп директорды немесе (директордың орынбасарын) бірінші көрген пәрмен береді. Пәрменді ести сала, сабақ тоқтатылады, кадеттер орындарынан тұрып сапқа тұрады.

Әрі қарай барлық қозғалыстар жағдай бойынша орындалады. Директор (директордың орынбасары) : «Жас сарбаз мырзалар!». Кадеттер отырады және директорды (директордың орынбасарын) тыңдайды. Егерде директор (директордың орынбасары) үн-тұнсіз кластан шығып кетсе, оқытушы: «Жас сарбаз мырзалар!» немесе «Еркін тұр, отыр!» -деп пәрмен береді. Сабақ әрі қарай жалғасады.

**Жас сарбаз сабақ уақытында тек пәрмен бойынша тұрады.**